



## "Қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 22 мамыр N 681

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі өнеркәсіптік  
қауіпсіздік туралы

Осы Заң қауіпті өнеркәсіптік объектілерді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді, қауіпті өнеркәсіптік объектілерде авариялардың алдын алуға, олардың зардаптарын оқшаулау мен жоюға ұйымдардың дайындығын, авариялардың жеке адамдар мен заңды тұлғаларға, қоршаған орта мен мемлекетке келтірген залалдарын кепілдендірілген өтеуді қамтамасыз етуге б а ғ ы т т а л ғ а н .

Еңбек қатынастары мен еңбекті қорғау, экологиялық және өрт қауіпсіздігі, атом энергиясын пайдалану, химиялық және ядролық қаруды жою, оқ-дәрілерді пайдалану мен кәдеге жарату салаларындағы құқықтық реттеу арнаулы заңдармен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

1 - т а р а у . Ж а л п ы е р е ж е л е р

## 1 - б а п . Н е г і з г і ұ ғ ы м д а р

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

қауіпті өнеркәсіптік объектідегі авария - адамдардың қаза табуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан, олардың денсаулығына, қоршаған орта мен шаруашылық жүргізу объектілеріне зиян тигізген, едәуір материалдық нұқсан келтірген және халықтың тіршілік жағдайларын бұзған технологиялық процестің бұзылуы, тетіктердің, жабдықтар мен құрылыстардың зақымдануы;

қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік (бұдан әрі - өнеркәсіптік қауіпсіздік) - жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі авариялар мен аталған авариялардың зардаптарынан қ о р ғ а л у ы н ы ң ж а й - к ү й і ;

өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету - авариялардың алдын алу, қауіпті өнеркәсіптік объектілерде олар туындаған кезде оларға дайын болу мен жоюға бағытталған экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық және құқықтық сипаттағы бара-бар шаралардың жүйесін әзірлеу мен жүзеге асыру;

өнеркәсіптік қауіпсіздіктің ережелері - қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық а к т і л е р ;

өнеркәсіптік қауіпсіздіктің талаптары - орындалуы өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормаларға с ә й к е с т і к м і н д е т т е м е л е р і .

## 2-бап. Қауіпті өнеркәсіптік объектілер

1. Мынадай қауіпті заттар, тетіктер, жабдықтар мен өндірістік технологиялық п р о ц е с т е р :

жарылыс қаупі бар орта құрауға қабілетті заттар; адам ағзасына әсері бойынша қауіптіліктің I, II, III сыныптарына жататын зиянды з а т т а р ;

белгілі бір сыртқы әсер ету кезінде жылу бөліп және газ құрап өз бетімен жылдам таралатын химиялық өзгерістер жасауға қабілетті жарылғыш заттар;

0,07 мегапаскальдан астам қысыммен немесе 115 градус Цельсийден астам температурамен судың қайнауы кезінде жұмыс істейтін жабдықтар;

жүк көтергіш тетіктер, эскалаторлар, аспалы жолдар, фуникулерлер; кара, түсті және басқа да металдар балқымалары мен осы балқымалар негізіндегі қ о р ы т п а л а р ы ;

тау-кен, геологиялық барлау, жарылыс жұмыстары, мұнай мен газды бұрғылау жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, кендерді байыту жөніндегі жұмыстар, жер астындағы, теңіз қайрандары мен ішкі су айдындарының жағдайларындағы жұмыстар

жүргізілетін, пайдаланылатын, қайта өңделетін, құралатын, сақталатын, тасымалданатын, жойылатын, сондай-ақ қолданылатын қауіптілігі жоғары объектілер қауіпті өнеркәсіптік объектілерге жатқызылады.

3-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы құқықтық реттеу

1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының К951000\_ Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету  
жөніндегі негізгі талаптар

Өнеркәсіптік қауіпсіздік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

қауіпті өнеркәсіптік объектілермен байланысты қызметті лицензиялаумен;  
қауіпті өнеркәсіптік объектілерде қолданылатын өнімдер, процестер, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сертификаттаумен;

қызметі өндірістің жоғары қауіптілігімен және Өнеркәсіптік объектілердің қауіпсіздігі декларациясының сараптамасымен байланысты өнеркәсіптік объектінің қауіпсіздігіне декларация берумен;  
өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелері талаптарының орындалуын

мемлекеттік бақылау мен қадағалаумен, сондай-ақ өндірістік бақылаумен, қамтамасыз етіледі.

5-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ақпарат

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалар қауіпті өнеркәсіптік объектілердің иелерінен қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы толық әрі шынайы ақпарат алуға құқылы.

2-тарау. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының  
өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілеттігі

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өнеркәсіптік  
қауіпсіздік саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Үкіметі:  
өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;  
өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлейді;  
өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады;  
Өнеркәсіптік объектілердің қауіпсіздігі декларациясын ұсыну ережесі мен нысанын бекітеді;  
өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

7-бап. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілеттігі бар төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының өкілеттігі

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілеттігі бар төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы:

Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметін үйлестіреді;

төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекцияны басқарады;

мамандандырылған мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарта отырып, өнеркәсіптік қауіпсіздіктің ережелерін әзірлеуді ұйымдастырады, көрсетілген ережелерді бекітеді немесе келіседі;

қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі аварияларды тексеруді ұйымдастырады; қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі аварияларды оқшаулау және жою жөніндегі жұмыстарды басқарады;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ведомстволық бағыныстағы ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметіне басшылық жасайды, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша мамандандырылған ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдарының жұмысын үйлестіреді;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ғылыми зерттеулерді, білімді насихаттауды, халықты, ұйымдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін оқытуды ұйымдастырады;

өз құзыреті шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелері талаптарының орындалуын мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

әскерилендірілген тау-кен құтқару, газдан құтқару және атқыламаларға қарсы қызметтер мен құрамалардың қызметіне басшылық жасайды;  
белгіленген тәртіппен Өнеркәсіптік объектілердің қауіпсіздігі декларациясының сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады;  
қауіпті өнеркәсіптік объектілерді бірдейлендіру - ұйымның құрамындағы объектіні қауіпті өнеркәсіптік объекті санатына жатқызудың негізгі талаптарын белгілейді;  
өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, шетелдік ұйымдар мен азаматтардың қызметін қамтамасыз етеді.

#### 8-бап. Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары өздерінің құзыреті ш е г і н д е :

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат пен мемлекеттік бағдарламаларды қалыптастыру мен іске асыруға қатысады;  
өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін әзірлеуді ұйымдастыруға қатысады, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілеттігі бар төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органымен бірлесіп, көрсетілген ережелерді б е к і т е д і немесе к е л і с е д і ;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ғылыми зерттеулерді, білімді насихаттауды, халықты және мамандарды оқытуды ұйымдастырады;

өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы ақпарат ұсынудың тәртібін а й қ ы н д а й д ы ;

қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі аварияларды оқшаулау мен жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

#### 9-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіктері

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару органдары өздерінің өкілеттігі ш е г і н д е :

қауіпті өнеркәсіптік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

қауіпті өнеркәсіптік объектілерде авариялар болған жағдайларда оларды оқшаулау, адамдарды құтқару, олардың денсаулығын, құқықтары мен мүдделерін қорғау, меншікті қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қажетті іс-шараларды жүзеге а с ы р а д ы ;

қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі, авариялардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі шаралар туралы халық пен

3-тарау. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заңды және жеке тұлғалардың міндеттері

10-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заңды тұлғалардың міндеттері

Қауіпті өнеркәсіптік объектілері бар заңды тұлғалар:

қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі қажетті аспаптардың, өндірістік процестерді қорғау мен бақылау жүйелерінің болуы және олардың белгіленген талаптарға сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелері талаптарының орындалуы үшін өндірістік бақылауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға;

қауіпті өнеркәсіптік объектіде қолданылатын құрылыстарды, техникалық құрылғыларды, жабдықтарды, материалдар мен бұйымдардың диагностикасын, сынауды, куәландыруды өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерінде белгіленген мерзімдер мен тәртіппен жүргізуге;

белгіленген тәртіппен сертификаттаудан өткен және өнеркәсіпте қолдануға рұқсат етілген қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі техникалық құрылғыларды, жабдықтарды, материалдар мен бұйымдарды пайдалануды жүзеге асыруға;

тиісті біліктілік талаптарына сай келетін лауазымды адамдар мен қызметкерлердің қауіпті өнеркәсіптік объектілерде жұмыс істеуіне рұқсат беруге;

қауіпті өнеркәсіптік объектіге бөгде адамдардың кіруін болдырмауға; авариялардың алдын алу, оларды және зардаптарын жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізуге;

авариялардың туындауы себептеріне талдау жүргізуге, оларды жою жөнінде іс-шараларды жүзеге асыруға, олардың себептерін тексеруге көмек көрсетуге; олардың құзыретіне сәйкес орталық атқарушы органдар мен жергілікті

мемлекеттік басқару органдарын, халық пен қызметкерлерді авариялар туралы дереу хабардар етуге;

авариялардың есебін жүргізуге;

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілеттігі бар төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы мен оның аумақтық органдарының лауазымды адамдары анықтаған өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерінің бұзылуын жою жөніндегі нұсқамаларын орындауға;

өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құралдарды көздеуге міндетті.

11-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету  
жөніндегі жеке тұлғалардың міндеттері

Қауіпті өнеркәсіптік объектіде жүрген жеке тұлғалар:  
өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерінің талаптарын орындауға;  
қауіпті өнеркәсіптік объектісі бар ұйымның әкімшілігін авария,  
аварияға әкеп соғуы мүмкін аварияға қарсы жабдықтар мен құралдардың істен  
шығуы, технологиялық процестер режимінің ауытқуы туралы дереу хабардар  
етуге;

өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша нұсқама алу және  
оқытып-үйретуден, қайта даярлаудан, аттестаттаудан өтуге;  
авариялар себептерін тексеру кезінде көмек көрсетуге міндетті.

12-бап. Қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі  
қызметкерлердің кәсіби даярлығы

Өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша қауіпті өнеркәсіптік  
объектілердегі қызметкерлердің кәсіби даярлығы, біліктілігін арттыру  
қауіпті өнеркәсіптік объектісі бар ұйымның әкімшілігіне жүктеледі.

4-тарау. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау мен  
қадағалау

13-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік  
бақылау мен қадағалау

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау қауіпті  
өнеркәсіптік объектісі бар ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерінің  
талаптарын орындауы мақсатында ұйымдастырылады және Қазақстан  
Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

14-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік  
бақылау

1. Өндірістік бақылау қауіпті өнеркәсіптік объектілерде авариялар туындауының  
ықтимал қатерін мейлінше азайту, олардың зардаптарының зияны мен материалдық

нұқсан мөлшерін кеміту мақсатында жүзеге асырылады.

2. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті өндірістік бақылаудың міндеті - қауіпті өнеркәсіптік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелері талаптарының орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз жүргізудің жай-күйіне әсер ететін мән-жайлар мен себептерді анықтау болып табылады.

5-тарау. Аварияларды жою мен тексеруге даярлық

15-бап. Ықтимал аварияларды жоюға даярлық

Аварияларды оқшаулау мен олардың зардаптарын жою жөніндегі даярлықты қамтамасыз ету мақсатында қауіпті өнеркәсіптік объектісі бар ұйымдар:

қауіпті өнеркәсіптік объектідегі аварияларды оқшаулау мен олардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға және жүзеге асыруға;

қауіпті өнеркәсіптік объектідегі авариялардың алдын алу, оларды оқшаулау мен зардаптарын жою жөніндегі алдын алу жұмыстарына әскерилендірілген авариялық-құтқару қызметтері мен құрамаларын тартуға;

аварияларды оқшаулау мен олардың зардаптарын жою үшін материалдық және қаржылық ресурстар қоры болуға;

қауіпті өнеркәсіптік объектіде авария болған жағдайдағы іс-қимылдарға қызметкерлерді үйретуге;

қауіпті өнеркәсіптік объектіде авария болған жағдайдағы байқау,

хабарлау, байланыс және іс-қимыл жасау жүйелерін құруға және олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

16-бап. Авариялардың себептерін тексеру

1. Қауіпті өнеркәсіптік объектіде авария туындауының әрбір фактісі бойынша оның себептерін тексеру жүргізіледі.

2. Авариялардың себептерін тексерудің тәртібін Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өкілеттігі бар төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы олардың құзыреті шегінде мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп белгілейді.

6-тарау. Өтпелі және қорытынды ережелер

17-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы заңдарды бұзғаны үшін заңды және жеке



тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жауапкершілікте болады.

18-бап. Осы Заңның Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен ара қатынасы және оның ережелерін іске асырудың тәртібі

Осы Заңның қолданысқа енгізілуі сәтінде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және бір жылдың ішінде осы Заңға сәйкес келтірілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.  
Қасымбеков Б.А.